




# Мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру курстарын бағалауда тест мазмұнын анықтау


*Педагогикалық өлшеулер орталығы  
Бибеков Қ.Т., Жумыкбаева А.К.*

## **Зерттеу нысаны:**




Біліктілік емтихандарын өткізу үшін қолданылатын тестілерді даярлау барысындағы тест спецификация жасау, тест мазмұнын анықтау және тест тапсырмаларын құрастыру тәжірибесі

## **Зерттеудің методологиялық негізі:**




Тестология, психометрия салаларындағы ғылыми-әдістемелік тұжырымдар, қағидалар, ғылыми көзқарастар зерделенді

## **Зерттеу әдістері:**



Салыстырмалы талдау, статистикалық талдау



# Оқу материалын толық қамтудағы **ТӘУЕКЕЛДЕР**

оқу материалдарының бір бөлігі мұғалімдердің  
тәжірибелік жұмыс жүргізуіне бағытталған

оқу материалдарында аудармаға қатысты  
қиындықтар

## Тест тапсырмасы:

Жан Пиаже бойынша, өсіп келе жатқан баланың **заттық** дүниемен және **аз мөлшерде** әлеуметтік **ортамен** өз бетінше эксперимент жасауы

Дұрыс жауабы: **A) танымдық даму**

«Пиаже танымдық дамуды өсіп келе жатқан баланың **физикалық** немесе **азын-аулақ дәрежеде** әлеуметтік **дүниемен** өз бетінше эксперимент жасауы деп қабылдап, тарихи және мәдени факторлардың маңыздылығын ескермеген». (МАН Бірінші деңгей. Екінші басылым. 15 бет).

## Тест тапсырмасы:

Оқушы өзінің қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалауы, бағалауы, бақылауы, осы ойлау нәтижелерін кейін оқу үдерісінде саналы пайдалану қабілеті

Дұрыс жауабы: **A)** метатану

*«Метатануды» индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау қабілеті ретінде сипаттайды. Бейресми түрде, қалай оқу керектігін үйренуді өз бетімен білім алуын ойлау және мұндай ойлаудың нәтижелерін кейінгі оқу үдерісінде саналы қолдану деуге болады». ( МАН Бірінші деңгей. Екінші басылым. 25 бет)*

## Тест тапсырмасында мәтінді ықшамдап берудің өзіндік себептері

**Біріншіден,** *«Метатануды» индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау қабілеті ретінде сипаттайды»* деген сөйлем өзгеріссіз алынған жағдайда, метатану терминінің мәні толық ашылмай қалуы мүмкін. Өйткені индивид қалай ойлайтынын қадағалайтын өзі ме, әлде басқа біреу ме түсініксіз болып қалады;

**Екіншіден,** *«Бейресми түрде, қалай оқу керектігін үйренуді өз бетімен білім алуын ойлау және мұндай ойлаудың нәтижелерін кейінгі оқу үдерісінде саналы қолдану деуге болады»* деген сөйлем де екі ұшты болып шыққан. Егер де *«Бейресми түрде, қалай оқу керектігін үйрену дегеніміз оқушының өз бетімен білім алуын ойлауы және мұндай ойлаудың нәтижелерін кейінгі оқу үдерісінде саналы қолдануы»* деген жағдайда түсінікті болады.

Екі немесе бірнеше тақырыпты оқығанда алынған білім-түсінікті  
тексеруді көздейтін тест тапсырмалары

**Тест тапсырмасы:**

*Оқушы тапсырманы орындау кезінде ақпаратты жинақтап, сұрыптау, әдіс-тәсілдерді таңдау және рефлексиялау үдерісі жүретін жады*

**Дұрыс жауабы: А) қысқа мерзімді**

«Мұғалімге арналған нұсқаулықта» дәл осы үлгіде берілген сөйлем кездеспейді. Сонымен бірге оқушының жадысының жұмыс ерекшелігіне жеке сипаттама берілмеген. Дегенмен «Нұсқаулықта қысқа мерзімді жадының ерекшелігі көрсетілген.



Екі немесе бірнеше тақырыпты оқығанда алынған білім-түсінікті  
тексеруді көздейтін тест тапсырмалары

**Тест тапсырмасы:**

*Оқушы тапсырманы орындау кезінде ақпаратты жинақтап, сұрыптау, әдіс-тәсілдерді таңдау және рефлексиялау үдерісі жүретін жады*

**Дұрыс жауабы: А) қысқа мерзімді**


«Нұсқаулықта қысқа мерзімді жадының ерекшелігі көрсетілген. Осы мәтіндегі қалың әріппен берілген сөздерге көңіл аударыңыз. *Соңғы кездері жүргізілген нейробиологиялық зерттеулер біздің қысқа мерзімді «жұмыс» жадысымен қатар ұзақ мерзімді жады иесі екенімізді растады. «Жұмыс» жадысы ұзақ мерзімді жадыдағы ақпаратпен «жұмыс істеуге» мүмкіндік ашады. Басқаша айтқанда – ақпаратты белсенді ұйымдастыру, өзара байланыс орнату немесе оны белгілі бір мақсат үшін, айталық, есепті шығару, проблемаларды шешу, тілдесу мақсатында қолдану үшін дайындау немесе іштей ойлану арқылы ұзақ мерзімді жады мүмкіндіктерін өрістетеді.* (МАН Үшінші деңгей. Үшінші басылым. 18 бет)

**Мұндай тест тапсырмалары үміткердің ауқымды мәтінді тұтас оқып, түйіндей алу және ұғымдарды және бар білімдері мен жаңа білімдерді бір-бірімен байланыстыра білу дағдыларын жетілдіру үшін тиімді болады.**


# Тестіленушілерден алынған анкета талдауы:




## Зерттеу нәтижесінде:



**тест-спецификациясы жасалды**



**дидактикалық бірліктерді сұрыптау жолдары  
жинақталды**



**тест тапсырмасын құрастыру бойынша  
әдістемелік ұсыныстар құрастырылды**